Бұмен тазартқышқа, сондай-ақ оның негізгі бөлшектеріне күтім жасау бойынша ұсыныстарды сақтамау аспап жұмысының сапасына әсер етуі, және сондай-ақ қызмет етудің мәлімделген мерзімінен немесе кепілдікті кезеңнен бұрын істен шығуына әкелуі мүмкін.

МАЗМҰНЫ

Жалпы ақпарат	24
Жеткізілім жиынтығы	24
Аспап сипаты	25
Су таңдау жөніндегі ұсыныстар	27
Жұмысқа дайындау және іске қосу	27
Аспапты пайдалану	28
Пайдалануға арналған саптамаларға шолу	32
Тазалау және күтім	34
Қауіпсіздік бойынша жалпы нұсқаулар	35
Қауіпсіздік бойынша арнайы нұсқаулар	36
Пайдалану саласы	38
Сақтау/тасымалдау/өткізу	38
Кәдеге жаратуға қойылатын талаптар	38
Егер сізде мәселе туындаған болса	39
Техникалық сипаттамалары	40
Сертификаттау туралы ақпарат	40
Кепілдікті міндеттемелер	41

ЖАЛПЫ АҚПАРАТ


Осы пайдалану жөніндегі нұсқаулық Polaris көпфункционалдық бұмен тазартқыштың техникалық деректерімен, аспаппен, пайдалану және сақтау ережелерімен танысуға арналған, модель **PSC 1711C** (бұдан әрі мәтін бойынша – аспап).

ЖЕТКІЗІЛІМ ЖИЫНТЫҒЫ

1. Аспап
2. Аксессуарлар:
 - Еден швабрасы 1 дана
 - Швабраға арналған микрофибра 2 дана
 - Ұзартқыш шланг 1 дана
 - Тазалауға арналған дөңгелек ысқыш-щетка
 - Тоқыма саптамасы бар булауға арналған шағын швабра 1 дана.
 - Әйнек пен айна жууға арналған саптама 1 дана.
 - Шүмек-ұзартқыш 1 дана.
 - Нейлон щетка 1 дана.
 - Кең нейлон щетка 1 дана.
 - Тұрақты ластарды кетіруге арналған тоттанбайтын болаттан жасалған щетка 1 дана.
 - Қатты ластануға арналған саптама 1 дана.
 - Имек шүмек 1 дана.
 - Өлшеуіш стакан 1 дана.
3. Пайдалану жөніндегі нұсқаулық 1 дана.
4. Кепілдік талоны 1 дана.


АСПАП СИПАТЫ

Осы аспап еден жабындарын, су шүмектерін, Раковиналарды, қаптамалар мен керамикалық плиткаларды, айналарды, ас үй сорғыштарын, плиталарды, пештердің есіктерін, грильдерді, үстелдің үстіңгі тақтайларын, жұмсақ жиназдарды, киімдерді, ойыншықтарды және т.б. ыстық бу ағын есебінен тазартуға арналған




Ескертпе!

Өзгерістер мен жақсартуларды енгізудің үздіксіз процесінің салдарынан нұсқаулық, бұйым мен өнім арасында кейбір айырмашылықтар байқалуы мүмкін. Өндіруші пайдаланушы осыған назар аударады деп үміттенеді.



АСПАПТЫ САҚТАУҒА АРНАЛҒАН ТҰҒЫРДЫ ЖИНАУ



СУ ТАҢДАУ ЖӨНІНДЕГІ ҰСЫНЫСТАР

Кез-келген бұмен тазартқыш пайдаланылатын су сапасына және ондағы бөгде қоспалардың болуына, сондай-ақ аспапқа дұрыс күтім жасамау салдарынан шөгінділердің пайда болуына сезімтал аспап екендігіне назар аударамыз.

Кермек суды пайдаланған кезде (мысалы, су құбырынан) қыздыру элементінде қақ пайда болуы мүмкін, бұл оның істен шығуына әкелуі мүмкін



ЕСКЕРТУ!




1. Дистильденген немесе алдын ала сүзілген суды пайдалану ұсынылады.
2. Кермектігі жоғары сүзілмеген суды пайдалану аспаптың қызмет ету мерзімін қысқартады.
3. Ешбір жағдайда суға арналған резервуарға әк кетіргіштерді, хош иісті майларды, жұғыш заттарды, алкогольді және т.б. қоспаңыз. Бұл бұмен тазартқыштың бұзылуына әкелуі мүмкін.

ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ІСКЕ ҚОСУ


- Бүкіл қаптау материалды алып тастаңыз.
- Аспапта көрсетілген кернеу желі кернеуіне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Бұмен тазартқыштың корпусын аздап дымқыл матамен сүртіңіз, содан кейін құрғатып сүртіп алыңыз.
- Жұмысқа арналған қажетті саптаманы таңдаңыз.

АСПАПТЫ ПАЙДАЛАНАР АЛДЫНДА:


- Су резервуарын "ашық құлып" кескіні жағына қарай бұрап шешіңіз 
- Резервуардың тығыздағыш қақпағын ашыңыз.
- Өлшеуіш стақанды пайдалана отырып, су құйыңыз.
- Тығыздағыш қақпақты жабыңыз және су резервуарын аспапқа салыңыз, оны "жабық құлып" кескініне қарай бұрап бекітіңіз 




Резервуарды кескін жағына бұраңыз 



Су резервуарын шешіп алыңыз.



Резервуардың тығыздағыш қақпағын ашыңыз




Дистилденген су құйыңыз. MAX белгісінен асырмаңыз




АСПАПТЫ ПАЙДАЛАНУ

Аспап химиялық заттарды қолданбай майды, кірді және шөгінділерді тез және тиімді түрде кетіретін ыстық бу шығарады.

- Әр уақытта шағын өңделетін аумақта бұдың әсерін сезіну ұсынылады. Сынақтан кейін бетті толық құрғатыңыз. Оның зақымдалмағанына, түсін өзгертпегеніне және бу әсерінен басқа қажетсіз өзгерістер болмағанына көз жеткізіңіз.
- Сіз пайдаланғыңыз келетін бұмен тазартқыш керек-жарақтары дұрыс орнатылғанына және бекітілгеніне және резервуардың суға толтырылғанына көз жеткізіңіз.
- Бұмен тазартқышты электр желісіне қосыңыз, ал аспаптың қызуы бірден қосылады, бұл қуат индикаторының қызыл жыпылықтайтын жарқылынан көрінеді.
- Аспап қажетті температураға дейін қызған кезде және бұмен тазартқыш жұмыс істеуге дайын болғанда, қосу индикаторы үздіксіз қызыл болып жанады.
- Бу беру режимін таңдау түймесін басыңыз.
 - ЖАСЫЛ индикатор – бұл режим,
 - КӨК индикатор – түрбо режим,
 - ҚЫЗЫЛ индикатор:
 - ЖЫПЫЛЫҚТАЙДЫ: аспап қызып жатыр,
 - ТҰРАҚТЫ ЖАНАДЫ: аспап қызады және күту режимінде, бу берілмейді.





- Аспаппен жұмыс аяқталғаннан кейін, суға арналған резервуарды алып тастаңыз және бу режимін қысқа уақытқа қосу арқылы ішкі түтіктерден сұйықтықтың қалған бөлігін босатыңыз.
- Бу шықпаған кезде, бу беруді өшіріп, аспапты электр желісінен ажыратыңыз. Аспапты суытып алыңыз.
- Салқындағаннан кейін резервуардағы қалған суды төгіп тастаңыз және «Күтім және тазарту» бөлімінде сипатталғандай бумен тазартқышты тазалаңыз.

 Әрқашан беттің кішігірім бөлігін сынақтан өткізуден бастаңыз!	ЖАСЫЛ - ЭКО   Бу беру түймесін басыңыз – ЖАСЫЛ эко режим	КӨК - ТУРБО   ТУРБО режимін таңдау үшін қайта басыңыз	ЖҰМЫСТЫ АЯҚТАУ  Суға арналған резервуарды ажыратып, қалған буды босатыңыз
---	--	---	---

РЕЗЕРВУАРҒА АРАЛЫҚ СУ ҚҰЮ

- Бумен тазартқышты электр розеткасынан ажырату арқылы өшіріңіз.
- Резервуарды аспап корпусынан алыңыз және сумен толтыру процедурасын бұрын сипатталғандай етіп орындаңыз.
- Су резервуарын аспапқа бекітіңіз, оны «жабық құлып» кескініне қарай бұраңыз.
- Аспапты электр розеткасына қосыңыз және аспап қызғанша күте тұрыңыз.
- Қосу индикаторы қызыл түспен үздіксіз жанған кезде – аспап жұмысқа дайын

1  Аспапты электр желісінен ажыратыңыз	2  Су резервуарын алып тастаңыз және оны MAX белгісінен асырмай толтырыңыз	3  Резервуарды қосыңыз және бекітіңіз, оны бір жаққа бұраңыз	4  Жұмысты бастау үшін жылытуды күтіңіз
--	---	---	---

СУ ЖЕТІСПЕГЕН КЕЗДЕ АСПАПТЫҢ АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ СӨНДІРІЛУІ

Суға арналған резервуар көлемі бұмен тазартқыштың ұзақ жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Егер сіз резервуардағы судың таусылғанын байқамасаңыз, аспап үздіксіз бу режимінде ~70 секундтан кейін автоматты түрде өшеді.

Автоматты түрде өшіру функциясы іске қосылған кезде, қуат шамы әр түрлі түстермен кезектесіп жыпылықтайды.

Жұмысты жалғастыру үшін су резервуарына су құйып, бу режимін таңдау түймесін басыңыз.

КИІМДІ ТАЗАЛАУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ

- Киімді тазалау үшін тоқыма саптамасы бар шағын бұмен сүрткішті пайдаланыңыз.
- Киім жасалған материалдың ыстық бұмен тазалауға жарамды екеніне көз жеткізіңіз.
- Киімді іліп қойыңыз және көлденең және тік бағытта тоқыма саптамасы бар шағын сүрткіш басымен сырғытыңыз.

АЙНАЛАРДЫ, ТЕРЕЗЕЛЕРДІ ЖӘНЕ БАСҚА ӘЙНЕК БЕТТЕРДІ ТАЗАЛАУ

- Айналарды, терезелерді және басқа шыны беттерді тазалау үшін әйнек пен айна тазалағышты пайдаланыңыз;
- Әйнек немесе айна бетін көлденең немесе тік бағытта жүргізіңіз. Терезелерді тазалау барысында буды қысқа уақыт аралығында беру ұсынылады.






Назар аударыңыз! Ешбір жағдайда мұздатылған немесе төмен температураға дейін салқындатылған әйнектері бар бұмен тазартқышты пайдаланбаңыз, бұл олардың зақымдалуына немесе жарылуына әкелуі мүмкін.

ЖІКТЕРІ ҚАТТЫ ЕДЕНДІ ТАЗАЛАУ (плитка және т.б..)

- Еденді тазалау үшін, швабраны немесе дөңгелек щеткасы бар икемді шлангты немесе имек шүмекті пайдаланыңыз.
- Кетіру керек дақтар мен ластың үстінен ыстық буды өткізіңіз. Елеулі ластану жағдайында тиісті орындарға будың көп мөлшерін қосыңыз.
- Егер сіз дөңгелек щетканы пайдалансаңыз, оны тым қатты баспаңыз.





Назар аударыңыз! Балауызбен өңделген жабындар үшін бұмен тазартқышты қолданбаңыз. Ыстық бу жылтырдың жоғалуына әкелуі мүмкін.

1 КИІМ ТАЗАЛАУ  Тоқыма саптамасы бар шағын швабраны пайдаланыңыз	2 ЖИНАУ  Аспапты жинаңыз: саптаманы ойықтарға бекітіңіз, өзіңізге қарай бұраңыз	3  Киімді іліп қойыңыз және оның үстінен шағын швабраның басын сырғытыңыз	4 ТЕРЕЗЕ ТАЗАЛАУ  Айна, терезе және басқа әйнек беттерге арналған саптаманы пайдаланыңыз
---	---	--	---



Кеңес! Мүмкіндігінше бумен тазартқыш корпусының (45°-тан жоғары) қатты еңкеюіне жол бермеңіз, себебі бұл будың біркелкі шығуына әкелуі мүмкін.

Корпусты көлденең күйде ұстауға тырысыңыз. Үлкен бұрыштарда бумен пісіру қажет болса, ұзартқыш шланг пен айналмалы топсаны қолданыңыз.

A ЕДЕН ТАЗАЛАУ  Швабраны немесе дөңгелек щеткасы бар икемді шлангты немесе имек шүмекті пайдаланыңыз	B ЖИНАУ  Жалғастыру құбырларын жинаңыз	C  Аспапты негізгі корпусқа бекітіңіз
--	--	--

ПАЙДАЛАНУҒА АРНАЛҒАН САПТАМАЛАРҒА ШОЛУ



- 1) **ҚАТТЫ ЛАСТАНУҒА АРНАЛҒАН САПТАМА** келесілерді тазалауға арналған:
- Қаптамалар, керамикалық плиткалар және берік буындары бар басқа қатты еден беттері
 - Су құбыры крандары мен сантехника
 - Ойыншықтар, үстелшелер, және басқа да жұмыс панельдер
 - Қолжетімділігі қиын жерлер



- 2) **ҰЗАРТҚЫШ ШҮМЕК ЖӘНЕ ҰЗАРТҚЫШ ШЛАНГ**

ҰЗАРТҚЫШ САПТАМА ЖӘНЕ ҰЗАРТҚЫШ ШЛАНГ




- 3) **ШВАБРА**

Керамикалық плиткаларға және берік буындары бар басқа қатты еден беттеріне арналған.




- 4) **ИМЕК ШҮМЕК**мыналарды тазалауға арналған:

- Су құбыры крандары мен сантехника;
- Ойыншықтар, үстелшелер, және басқа да жұмыс панельдер;
- Қолжетімділігі қиын жерлер



- 5) **ТОТТАНБАЙТЫН БОЛАТТАН ЖАСАЛҒАН ЩЕТКА**

Тұрақты ласты кетіруге арналған.



- 6) **ӘЙНЕК ЖӘНЕ АЙНА ЖУУҒА АРНАЛҒАН САПТАМА**

Терезелерді, айналарды және душ кабиналарын тазалауға арналған.




- 7) **ШАҒЫН ШВАБРА**

Тоқыма саптамасымен булауға арналған киімді, жұмсақ жиһазды, перделерді, төсек-орындарды және т. б. булауға және тазартуға арналған.

8) ДӨҢГЕЛЕК ЫСҚЫШ-ЩЕТКА, НЕЙЛОН ЩЕТКА ЖӘНЕ КЕҢ НЕЙЛОН ЩЕТКА
мыналарды тазалауға арналған:

- Пештер, грильдер және грильге арналған керек-жарақтар;
- Қаптамалар, керамикалық плиткалар және берік бұйындары бар басқа қатты еден беттері
- Су құбыры қрандары мен сантехника
- Ойыншықтар, үстелшелер, және басқа да жұмыс панельдер




Тазалау үшін бұмен тазартқышты ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ:

- Синтетикалық маталар, барқыт немесе күдері материалдары және ыстық бұдың әсерінен зақымдалуы мүмкін басқа тоқыма материалдары.
- Балауызбен қапталған ағаш жиһаздар мен едендер. Ыстық бұға әсер ету жылтырдың жоғалуына әкелуі мүмкін.
- Мүздатылған әйнектер немесе төмен температураға дейін салқындатылған әйнектер олардың сынуына немесе жарылуына әкелуі мүмкін.
- Боялмаған ағаш беттер.



Былғары, күдері,
барқыт, синтетиканы
булау үшін
пайдаланбаңыз.



Аспапты ағашқа,
балауызбен
қапталған ағаш
едендерге
пайдалануға
болмайды



Қатып қалған
әйнекті буламаңыз!



Ағаш жиһаз,
боялмаған ағаш
беттер

ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІМ



- Аспапты тазалаудан бұрын, қалған буды босатыңыз. Бұл үшін су резервуарын ажыратып, бу режимін іске қосыңыз.
- Бу шықпаған кезде, бу режимін өшіріп, аспапты электр розеткасынан ажыратыңыз.
- Суға арналған резервуарды ашып, пайдаланылмаған суды құйыңыз.
- Суға арналған резервуар ішінде минералды шөгінділердің пайда болуын болдырмау үшін, оны әр қолданғаннан кейін таза сумен шайыңыз. Оның ішінде су қалдырмаңыз.
- Пайдаланылған керек-жарақтарды бумен тазартқыштан алыңыз.
- Керек-жарақтарды бейтарап ас үй жуғыш затымен жылы сумен шайыңыз. Содан кейін оларды таза ағынды сумен шайып, жақсылап құрғатыңыз.



Ескертпе:

Керек-жарақтар ыдыс жуғыш машинада жууға арналмаған.

Тоқыма тысқапта қолмен немесе кір жуғыш машинада 40 градусқа дейін жууға болады. Жуу кезінде ағартқышты немесе жұмсартқышты қолданбаңыз.

ЖҰМЫСТЫ АЯҚТАУ	
1 	2 
Суға арналған резервуарды ажыратып, қалған буды босатыңыз	Аспапты желіден ажыратыңыз
3 	4 
Пайдаланылмаған суды төгіп тастаңыз	Пайдаланылаған керек-жарақтарды сумен шайыңыз

ҚАУІПСІЗДІК БОЙЫНША ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛАР

- Аспапты пайдалану «Тұтынушылардың электр қондырғыларды техникалық пайдалану ережелеріне» сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Аспапты тек қана мақсаты бойынша пайдаланыңыз.
- Осы аспапты пайдалануды бастар алдында пайдалану жөніндегі нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.
- Аспапты іске қосар әр кезде, оны қарап тексеріп шығыңыз. Аспаптың және желілік баусымның зақымдануы болған жағдайда аспапты розеткаға қоспаңыз.
- Аспап құлағаннан кейін, зақымданудың көзге көрінетін белгілері бар болса, оны пайдаланбау керек. Аспапты пайдаланар алдында, оны білікті маман тексеруі керек.
- Аспап пен желілік баусым олар ыстықтың, тікелей күн сәулесінің және ылғалдың әсеріне түспейтіндей сақталуы тиіс.
- Жұмыс істеп тұрған аспапты қараусыз қалдырмаңыз! Егер аспапты енді пайдаланбайтын болсаңыз, онда әрқашан өшіріп отырыңыз.
- Мұндай адамдарға олардың қауіпсіздігіне жауапты адамның осы аспапты пайдалануына қатысты қадағалау жүзеге асырылатын немесе оларға нұсқау берілетін жағдайларды қоспағанда, бұл аспап дене, жүйке немесе психикалық ауытқулары немесе тәжірибе мен білімнің жеткіліксіздігі бар адамдардың (балаларды қоса алғанда) пайдалануына арналмаған. Балаларды аспаппен ойнауға жол бермеу мақсатында қадағалауды жүзеге асыру қажет.



Назар аударыңыз! Аспапты ванналар, шұңғылшалар немесе сумен толтырылған басқа ыдыстар маңында пайдаланбаңыз.

- Ешбір жағдайда аспапты суға немесе басқа да сұйықтықтарға батырмаңыз. Аспапты дымқыл қолмен ұстамаңыз. Аспап суланған жағдайда, оны лезде желіден ажыратып қойыңыз.
- Аспап суға түскен жағдайда, оны тез арада желіден өшіріңіз. Бұл ретте қолдарыңыз ешқашан суға батырмаңыз. Аспапты қайталап пайдаланар алдында, оны білікті маман тексеруі керек.
- Аспапты тек қана айнаымалы ток (~) көзіне қосыңыз. Қосар алдында құралды желіде қолданылатын кернеуге арналған екеніне көз жеткізіңіз.
- Аспап тек жерге тұйықталуы бар желіге қосылуы мүмкін. Сіздің қауіпсіздігізді қамтамасыз ету үшін жерге тұйықталу бекітілген электртехникалық нормаларға сәйкес келуі керек. Стандартты емес қуат көздерін немесе қосу аспаптарын пайдаланбаңыз.
- Ұзартқышты пайдаланғанда ол жерге тұйықталғанына көз жеткізіңіз.
- **Кез келген қате қосу Сізді кепілді қызмет көрсету құқығынан айырады.**



Аспапты сыртқы төтенше әсерлерге ұшыратпаңыз



Аспапты кез келген соққылардан сақтаңыз



Аспапты қараусыз қалдырмаңыз.
Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз



Құралды ванналар, раковиналар немесе сумен толтырылған басқа ыдыстар маңында пайдаланбаңыз

- Аспапты үй-жайдан тыс пайдаланбаңыз. Аспапты өткір бұрыштарға соғылудан сақтаңыз. Пайдалану аяқталған кезде, құрал сынғанда немесе тазалау кезінде оны үнемі желіден өшіріңіз.
- Аспапты желілік сымнан ұстап, тасымалдауға болмайды. Сонымен қатар аспапты желіден, оның желілік сымынан ұстап, сөндіруге тыйым салынады. Аспапты желіден ажыратқанда, оның штепсельдік айырынан ұстаңыз.
- Жинақтың құрамына кірмейтін қосымша аксессуарларды пайдалану сіздің кепілдік құқығыңыздан айырады.
- Баусымды ауыстыруды тек қана білікті мамандар - сервистік орталықтың қызметкерлері іске асыра алады. Біліксіз жөндеу пайдаланушы үшін тікелей қауіп төндіреді.
- Аспапқа өз бетінше жөндеу жүргізбеңіз. Жөндеуді тек қана сервистік орталықтың білікті мамандар жүргізуі тиіс.
- Аспапты жөндеу үшін тек түпнұсқа қосалқы бөлшектер пайдаланылуы мүмкін.



Назар аударыңыз! Қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін аспапты тұрмыстық қалдықтармен бірге шығарып тастамаңыз. Оны одан әрі кәдеге жаратуға арналған мамандырылған пунктке тапсырыңыз. Сіз осылай қоршаған ортаны қорғауға көмектесе аласыз.



Назар аударыңыз!

Кез келген сипаттағы ақаулықтар пайда болғанда, POLARIS авторландырылған сервистік орталығына хабарласыңыз.



Аспапты үй-жайлардан тыс пайдаланбаңыз



Аспапқа дымқыл қолыңызды тигізбеңіз!



Желілік баусымынан ұстап аспапты тасымалдауға болмайды



Аспапқа өз бетінше жөндеу жүргізбеңіз!

ҚАУІПСІЗДІК БОЙЫНША АРНАЙЫ НҰСҚАУЛАР

- Аспапты іске қосудан бұрын, аспапта көрсетілген кернеу желінің кернеуіне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Бүмен тазартқышты басқа электр аспаптармен бірге тройник арқылы қосуға тыйым салынады.
- Аспапты қолданар алдында, желілік сым мен бу құбырын мұқият тексеріп, олардың зақымдалмағанына көз жеткізіңіз. Желілік сым немесе бу құбыры зақымдалған кезде, аспапты пайдаланбаңыз.

- Аспапты материалдарды, винилді едендерді, герметикалық қосылыстары бар едендерді, балауызбен өңделген едендерді немесе жиһаздарды, синтетикалық маталарды, жұмсақ пластиктен жасалған бұйымдарды, мұздатылған әйнектерді немесе төмен температураға дейін салқындатылған әйнектерді, барқыт немесе күдері бұйымдарын және ыстық будың әсерінен зардап шегуі мүмкін материалдарды тазалау үшін пайдаланбаңыз.
- Аспапты оған арналмаған мақсаттар үшін пайдаланбаңыз.
- Аспаппен жұмыс кезінде күйіп қалмау үшін ерекше сақ болыңыз.
- Аспапты электр немесе газ плитасына немесе оның жанына, үстелдің шетіне немесе тұрақсыз бетке қоймаңыз. Аспапты тегіс, құрғақ және тұрақты бетке қойыңыз.
- Аспапты тек жинақта бар түпнұсқа керек-жарақтармен пайдаланыңыз.
- Аспапты пайдаланған кезде, резервуарға тек тазартылған немесе алдын ала сүзілген су құйыңыз. Газдалған суды, қоспалар мен жұғыш заттардың ерітінділерін қолданбаңыз.
- Ешбір жағдайда суға арналған резервуарға әк кетіргіштерді, хош иісті майларды, жұғыш заттарды, алкогольді және т.б. қоспаңыз. Бұл аспаптың бұзылуына немесе жарақатқа әкелуі мүмкін.
- Керек-жарақтарды орнату, алу немесе ауыстыру алдында, аспаптың өшірілгеніне (электр желісінен ажыратылғанына) көз жеткізіңіз.
- Киімді көбелектен қорғау үшін қолданылатын майлы бояулардан немесе химиялық заттардан еріткіштердің булануы, сондай-ақ басқа да жарылғыш және улы булану пайда болатын бөлмелерде аспапты пайдаланбаңыз.
- Аспап корпусының кейбір бөліктері ~60°C-ге дейін қызады. Аспаппен жұмыс кезінде тұтқаны ұстаңыз және қыздырылған бөліктерге қол тигізбеңіз. Кері жағдайда күйіп қалуыңыз мүмкін.
- Жұмыс кезінде аспапты төңкермеңіз, бу шығатын тесікті жаппаңыз немесе оған ешқандай заттарды салмаңыз.
- Бүмен тазартқыш корпусының қатты қисаюына жол бермеңіз. Корпус көлденеңге жақын күйде болуы керек (мүмкін болса, аспап корпусының солға/оңға қатты қисаюын қоспағанда). Үлкен бұрыштарда бүмен пісіру қажет болса, ұзартқыш шланг пен айналмалы топсаны қолданыңыз.
- Аспап жұмыс істеп тұрған кезде бу электр компоненттерін, мысалы, пештің ішкі кеңістігін қамтитын адамға, жануарға немесе жабдыққа бағытталмауы тиіс.




Назар аударыңыз!

Аспап электр розеткасына қосылған кезде, оны қараусыз қалдырмаңыз.


Аспапты тазалаудан бұрын немесе сақтаудан бұрын, оны толық суытыңыз.



Аспапты электр немесе газ плитасына қоймаңыз



Бүмен тазартқыш корпусының қатты қисаюына жол бермеңіз



Аспапты төмен температураға дейін салқындатылған заттарға қолданбаңыз!



Жұғыш заттарды қоспай, тек таза сүзгіден өткен суды пайдаланыңыз

ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫ

- Аспап тек осы пайдалану нұсқаулығына сәйкес тұрғын үйдің температурасы мен ылғалдылығында тұрмыстық пайдалануға арналған. Аспап өнеркәсіптік пайдалануға арналмаған.
- Өндіруші қате пайдалану немесе осы пайдалану нұсқаулығында көзделмеген пайдалану нәтижесінде туындаған залал үшін жауапты болмайды.
- Бұл аспап үйді таза және сау күйде ұстауға арналған, өйткені ол өндірілген бұмен беттерді зарарсыздандырып, дезинфекциялай алады.
- Бұмен тазартқыш химиялық тазартқыштарды қолданбай үй-жайларды тазалау үшін өте қолайлы. Бұл аллергиялық реакциялардан қорықпай үйде тазалық пен жайлылықты қамтамасыз етудің тамаша мүмкіндігі.

САҚТАУ, ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

САҚТАУ

Электр аспаптары плюс 40°C-ден аспайтын қоршаған ауа температурасында, 70%-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылықта, электр аспаптарының материалдарына теріс әсер ететін шаң, қышқыл және басқа булар болмаған кезде, жабық құрғақ және таза үй-жайда сақталады.

ТАСЫМАЛДАУ

Электр аспаптарды нақты түрдегі көлікте қолданылатын жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес көліктің барлық түрлерімен тасымалдайды. Аспапты тасымалдағанда, зауыттық түпнұсқа қаптаманы пайдаланыңыз.

Аспаптардың тасымалдануы оларға атмосфералық жауын-шашын мен жегі орталардың тікелей әсер ету мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

ӨТКІЗУ

Өткізу ережелері белгіленбеген.

Ескертпе: Электр аспабының пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін оны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамай, ресми жинау пунктіне кәдеге жаратуға жіберіңіз. Осылайша, Сіз қоршаған ортаны сақтауға көмектесесіз

КӘДЕГЕ ЖАРАТУ БОЙЫНША ТАЛАПТАР

Бұйымдарды кәдеге жарату кезінде пайда болатын қалдықтар белгіленген тәртіппен және салалық нормативтік құжаттаманың қолданыстағы талаптары мен нормаларына сәйкес, оның ішінде СанЕЖН 2.1.7.1322-03 «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыруға және залалсыздандыруға қойылатын гигиеналық талаптарға» сәйкес кейінгіде кәдеге жаратумен міндетті жинауға жатады.

ЕГЕР СІЗДЕ МӘСЕЛЕ ТУЫНДАҒАН БОЛСА

Егер қандай болса да болымсыз мәселе туындайтын болса, әдетте оның пайда болуының себебі табылғанда, ол оңай шешілуі мүмкін.

Ақаулық	Ықтимал себебі	Жою тәсілдері
Будың төмен қысымы	Аспап қатты еңкейтілген.	Аспаптың көлбеу бұрышын азайтыңыз, оны көлденең күйде ұстауға тырысыңыз.
Бу қысымының күрт төмендеуі байқалды.	Суға арналған резервуар бос	Резервуарға су қосыңыз.
Бумен тазартқыштан бу орнына су бөлінеді	Бумен тазартқыш пен ауыстырылатын керек-жарақтар толық қызған жоқ. Аспаптың ішкі түтіктерінде конденсаттың жиналуы.	Аспап толық жылығанша күте тұрыңыз. Бу беруді қосқанда, артық ылғалдың шығуын күтіңіз.



Сіздің құралды пайдалану кезінде өрттің, электрлік токпен зақымдану немесе жарақат алу қаупінің, сонымен қатар оның сынуының алдын алу үшін осы құралмен жұмыс кезіндегі сақтықтың негізгі шараларын, сонымен қатар электрлік тұрмыстық техникамен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік бойынша жалпы нұсқауларды сақтаңыз.

Назар аударыңыз! Егер Сіз жоғарыда сипатталған қадамдар көмегімен мәселені өз күшіңізбен шеше алмасаңыз, POLARIS авторизацияланған сервистік орталығына хабарласуды сұраймыз.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

PSC 1701C – POLARIS тұрмыстық маркасының көпфункционалдық электр бұйымымен тазартқышы

Кернеуі: 220 – 240В

Қуаттылығы: 1500 – 1700 Вт

Жиілігі: ~50-60 Гц

Қорғану сыныбы – I.



Ескерту: Өзгерістер мен жақсартуларды енгізудің үздіксіз процесінің салдарынан нұсқаулық пен өнім арасында кейбір айырмашылықтар байқалуы мүмкін. Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың өзекті нұсқасын Сіз www.polaris.ru сайтынан таба аласыз.

СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Бұйым КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты құралдардың қауіпсіздігі туралы», КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімдігі», ЕАЭО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданудағы шектеулер туралы» талаптардың сәйкестігін растау процедурасынан өткен және Кедендік Одақтың мүше мемлекеттері нарығында бұйымдарды ұстаудың бірыңғай белгісімен таңбаланады.

Сәйкестік сертификатының/декларациясының нөмірі және оның қолданылу мерзімі туралы ақпаратты Сіз POLARIS бұйымын сатып алған жерде немесе өндірушінің Уәкілетті өкілінен ала аласыз.



Бұйымның қызмет көрсету мерзімі:

3 жыл

Бұйымға берілетін кепілдік мерзім:

сатып алынған күннен бастап 3 жыл

Дайындалған күні бұйымның артқы қабырғасындағы паспорттық сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген

Өткізу ережелері белгіленбеген.

Өндіруші (Manufacturer):

NINGBO HANSFORT OVERSEAS ASIA LIMITED,

No. 158 Dongshan Lu, Hushan Jiedao, Cixi City, Zhejiang Province, PRC

at factory NINGBO ELMAR ELECTRIC MANUFACTURE CO.,LTD

Huilong Industrial Zone, Qiurai Town, Yinzhou District Ningbo, Zhejiang, China

Қытайда өндірілген.

Импорттаушы және өндірушінің РФ-дағы және Кеден Одағы мүше мемлекеттеріндегі Уәкілетті өкілі:

"ЭйДжиАй Электроникс" ЖШҚ, Ресей, 115419, Мәскеу қ., Орджоникидзе көшесі, 11-үй, 3-құрылыс, 4-қабат, I-үй-жай, 13-бөлме.

Бірыңғай анықтама қызметінің телефоны: 8-800-700-11-78

Authorized representative of the manufacturer in EU:

JSC "HTV1", Švitrigailos g. 11 A, Vilnius, LT-03228

КЕПІЛДІКТІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Өнім: Көпфункционалық бұмен тазартқыш

Модель: PSC 1711C

Осы кепілдік бұйымды сатып алудың расталған күнінен бастап 36 ай бойы әрекет етеді және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Кедендік одақтың мүше мемлекеттерінің Заңына сәйкес бұйымға кепілдік қызмет көрсетілуін білдіреді.

1. Кепілдікті міндеттемелер компания «POLARIS» сауда маркасымен кепілдік қызмет көрсетілетін елдерде шығарылатын барлық модельдерге қолданылады (сатып алған орынға қарамастан).
2. Бұйым тек жеке тұрмыстық қажеттіліктер үшін сатып алынуы тиіс. Бұйым «Пайдалану бойынша нұсқаулыққа» қатаң сәйкестікте қауіпсіздік ережелері мен талаптарын сақтай отырып пайдаланылуы тиіс.
3. Осы кепілдік мыналардың нәтижесінде пайда болған ақаулар мен бұйымның сыртқы өзгеруіне қатысты болмайды:
 - Химиялық, механикалық немесе өзге де әсер ету, бөгде заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің және олардың тіршілік ету өнімдерінің бұйымның ішіне түсуі;
 - Бұйымды оның тікелей міндетінен тыс пайдалануында болатын қате пайдаланылуы, сондай-ақ Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың және қауіпсіздік техникасы ережелерінің талаптарын бұза отырып, бұйымды орнату және пайдаланудан;
 - Бұйымды ол арналмаған мақсаттарда пайдаланудан;
 - Қалыпты пайдалану, сонымен қатар функционалдық қасиеттеріне әсер етпейтін: сыртқы немесе ішкі бетінің механикалық зақымдануы (майысулар, сызаттар, ескірулер), металл түсінің табиғи өзгеруі, оның ішінде құбылмалы және қара дақтардың пайда болуы, сондай-ақ жабынды зақымдалған жерлерде және металдың жабылмаған учаскелерінде металл жемірілуінен;
 - Өңдеу бөлшектерінің, шамдардың, батареялардың, қорғаныс экрандарының, қоқыс жинағыштардың, белбеулердің, щеткалардың және пайдалану мерзімі шектеулі өзге де бөлшектердің тозуына;
 - Авторланған сервистік орталықтары* болып табылмайтын тұлғалар немесе ұйымдар өндірген бұйымды жөндеуіне;
 - Бұйымның тасымалдау кезіндегі, дұрыс пайдаланбау, сондай-ақ бұйымның конструкциясында көзделмеген модификациялармен немесе өз бетінше жөндеумен байланысты зақымдануларына.
4. Егер бұйымда паспорттық сәйкестендіру тақтайшасы жоқ болса, немесе ондағы деректер жойылған не түзетілген болса, өндіруші кепілдікті міндеттемелер үшін жауапты болмайды.
5. Осы кепілдік тек қана жеке тұрмыстық қажеттіліктер үшін жарамды және де коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсаттар үшін пайдаланылатын бұйымдарға қолданылмайды.
6. Осы кепілдік өңдеу бөлшектерінің, қондырмалар мен аксессуарлардың, шамдардың, батареялардың, қорғаныс экрандардың, қоқыс жинағыштардың, тығыздағыш элементтердің, белдіктердің, щеткалардың пайдалану мерзімі шектеулі басқа бөлшектердің және пайдалану барысында табиғи тозуға бейім бөлшектердің тозуына қолданылмайды.

Назар аударыңыз!! Өндіруші POLARIS бұйымымен адамдарға, үй жануарларына, қоршаған ортаға тікелей немесе жанама келтірілген зиян немесе егер бұл бұйымды пайдалану және орнату ережелерін немесе шарттарын сақтамау, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері нәтижесінде болған жағдайда мүлікке келтірілген зиян үшін жауапты болмайды.

POLARIS бұйымдарына техникалық қызмет көрсету, сапаны тексеру, кепілдік және кепілдік жөндеу бойынша барлық сұрақтар бойынша жақын жердегі POLARIS қызмет көрсету орталығына немесе сатушыға – POLARIS өкілетті дилеріне хабарласыңыз

POLARIS бұйымдарына кепілді жөндеуді тек POLARIS авторланған сервистік орталықтары жүзеге асырады.

*Авторланған сервистік орталықтардың мекенжайлары Компанияның сайтында: www.polaris.ru

Кепілдік жөндеу кезінде бұйымды сатып алу күнін растау немесе заңда көзделген өзге де талаптарды ұсыну үшін Сізден сатып алу туралы құжаттарды сақтауды сұраймыз.

Мұндай құжаттар POLARIS толтырылған кепілдік талоны, кассалық чек немесе Сатушының түбіртегі, сатып алу күні мен орнын растайтын өзге де құжаттар болып табылуы мүмкін.

Бұйымды сатып алу күнін растайтын құжат ұсынылмаған кезде, кепілдік мерзімі бұйым дайындалған күннен бастап есептеледі.

Дайындалған күні бұйымның артқы қабырғасындағы паспорттық сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген

